

Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. В.123-126

НҮРҒОЖА ОРАЗДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ХАҚЫНДА

Канатбек Р., курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Нұрғожа Ораз Қостанай облысының Урицкий ауданындағы «Октябрь» ауылында (қазіргі Сарыкөл ауданы «Маяк» кеңшарында) туған. 1947 жылы туған ауылындағы жетіжылдық мектепті, 1950 жылы Гурьев педучилищесін тәмамдаған соң, қазіргі Атырау облысында мұғалім болған. 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, тағы да екі жыл мектепте мұғалім болып еңбек еткен. Журналистика саласына ауысқан соң, Қостанайдағы облыстық «Коммунизм жолы» газетінде, одан соң өлкелік «Тың өлкесі» газетінде жеті жылдай редактор болды. 1959 жылы Қазақстан Журналистер одағының тұңғыш мүшелерінің бірі атанды. 1965 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, алдымен Қазақстан Жазушылар одағының өлкелік бөлімшесін, кейін солтүстік бес облысты қамтыған Целиноград облысаралық бөлімшесін 1991 жылға дейін басқарды. Нұрғожа Ораз Қазақстан Жазушылар одағының съездерінде сегіз рет Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі болып сайланды. 90-жылдардың басында аймақтық «Сарыарқа» (кейін «Жаңа Сарыарқа», әдеби көркем журналының негізін қалады[1,2].

Нұрғожа Ораз – өз дәуірінің асқақ жыршысы. Отанымыздың басынан өткен әр оқиғаға ақынның өлең арнамаған кезі жоқ. Сезім лирикаларымен бірге Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі жылдар, ғарышқа ұшқан батырлар тағдыры ақын жырларына арқау болды. 1964 жылы Нұрғожа Ораздың «Тұңғыш кітабы» шықты. Одан кейін әр жыл-дары «Кім табады?», «Шұғыла» «Көңіл көктемі», «Тың түлегі», «Қырандар ұясы», «Тың ырғақтары», «От кешкен балалық», «Сарыарқа сырлары», «Мәңгілік махаббат», «Дәуір додасы», «Мама батыр», «Ай - марал» дейтін жинақтарының әрқайсысы алуан-алуан сыр шертеді. Адамзат пен ғаламзаттың бір бүтін екендігін, барлық пен жоқшылықтың, қайғы мен қуаныштың, әділет пен әділетсіздіктің, жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың қарама-қарсылығы жалғанда үнемі үздіксіз толастамайтындығын мегзейді.

Нұрғожа Ораз «Тұңғыш кітабында» жастық жалынға толы алғашқы

жырларымен өзінің жай өлеңшіл ақын ғана емес, заманының үні бола алатын өресі биік ақын болатынын байқатқан. Және оны өмірлік ұстанымы ретінде ұстанып келді. Өз дәуірін өз мүмкіндігінше жырлап, хатқа түсірді. Ақын поэзиясының бір ерекшелігі сол, ол оқырмандарын ойландыра отырып, жыл жолдары арқылы олармен өте шебер сырласады. «Тың ырғақтары» атты таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағын шығарғанда, кітаптың алғы сөзін жазған Қазақстанның халық жазушысы Ғафу Қайырбеков: «Нұрғожа творчествосынан ең алдымен көретінім – оның творчестволық бағытының адастырмайтын ақындығы, сандаған тақырыптың біртұтастығы, саралылығы. Олардан бұл ақынның нені жырлап келгендігі, айналасы, ортасы, географиялық мекені, олардағы адамдар көз алдына келеді...» деген баға берді [2,55].

Ақын адамдарды риясыз сүйеді, өмірді, сол өмірдің қозғаушы күші - қасиетті рухты қастер тұтады. Ол үнемі адамдарға жақсылық жасаушы, жарылқаушы кісіге айналып, содан өз жанына рахат, ләззат жинап, бақыт бағбаншысына айналады. Сол себепті ақын өлеңдері өршіл, өміршең. Кіндік қаны тамған туған жерінің керемет табиғаты, бүкіл өмірі өткен Арқа жері, Сарыарқаның самал желі, сары аязы ақының тұрмыс – болмысына, өлең – жырына әсер еткендей.

Туған жердің ауасына сіңіп мен,
Арыламын адамға тән күдіктен.
Кеуделерге демі болып кірем де,
Шам жағамын шаттығы мол үмітпен.

Туған жерді қорғап түрлі апаттан,
Ату үшін күнде жарық аппақ таң.
Мөлдір ауа – менің мөлдір мінезім
Айнымайды шұғылалы шапақтан – деп, туған жерді табына, сағына жырлайды.

Ақын Н.Ораздың шығармашылық өмірбаянында тарихилық, эпикалық, лирикалық дастандардың орны ерекше. Ақын «От кешкен балалық», «Мама батыр», «Досымның тағдыры», «Мүгедек», «Тәуелсіздік таңы атты», «Түкті сардар» атты поэмаларды толқыта жазды. «Тәуелсіздік таңы атты», «Мама батыр», «Түкті сардар», «1979» поэмаларында қазақ халқының өміріндегі ерекше оқиғалар, болып жатқан өзгерістер әсем жырмен тамаша өрнектеледі.

Өз замандастары сияқты Нұрғожа Ораз да өмірдің ауыртпалықтары мен қайғы- шерін басынан өткізген адам. Сонау отыз екінші қолдан жасаған аштығы кезінде дүниеге келген ақын сұрапыл соғыстың өзін көрмесе де, қасіретін көрген. Сондағы жалаң аяқ қар кешкен балалық шағы оның

есінен ешқашан шықпаған[3,25]. Ел басына түскен соғыс қасіреті, сол қиын жылдардағы ауыл адамдарының көрсеткен қайрат - жігер, адамгершілік, мейірімділік пен махаббат сырлары «От кешкен балалық» атты поэмасында үлкен тақырып болып, кең арна тартады.

Нұрғожа Ораздың « Мама батыры» - ерлік дастаны. Мама батыр - батылдығымен, ақылымен, айбынымен өз қатарынан оза туған ержүрек батыр. Қаламгер батырдың ерлігін кейінгі ұрпаққа дәріптеп, керемет сезіммен жырлайды. Дастандағы шайқас суреттерін, жеңіліс пен жеңісті, ерлікті ерекше сезімталдықпен суреттейді.

« Мама батырда » жырланатын Әз Тәуке тарихымыздағы ұлы тұлға. Қаламгер тарихи ұлы тұлғаны аса бір ізгілікпен, зор шабытпен жырлайды. Ұлыларға деген ұрпақ ризашылығын білдіріп, оқырманды ізгілікке, елді сүйеге баулиды.

«Тәуелсіздік таңы атты» дастанында ақын қазақтың шығу тарихына шолу жасайды. Ел басқарушы, елдің есінде ұмтыла бастаған хандар , патшалар туралы жырлайды. Қай кезде болмасын жолы болыңқырамаған қазақ халқының тәуелсіздікке дейінгі өмірін, еліміздің егеменді ел болуын зор шабытпен толғайды.

Көрнекті қаламгер көркем проза жанрына да қалам тартқан. «Тағдыр тәлкегінде»,

«Айыпкер кім?», «Алқа», «Жауқазын» шығармаларында кісі бойындағы жақсылық, адамгершілік, әділдік, достық тәрізді адами қасиеттер шынайы бейнеленеді. «Тағдыр тәлкегі» Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуы мәселесіне арналған. Шығарманың бас кейіпкері Үсенғали қанша өнерлі, жігерлі болса да Жайық пен Маңғыстау арасындағы кең жазықтан өзіне лайықты орын таба алмай, тағдыр тәлкегіне түседі. Кейіпкер көпке дейін қоғам өміріндегі әлеуметтік мүдделер арасындағы қақтығыстарды дұрыс зерделей алмайды. Бірақ ауыртпалықты көп көріп есейген азамат тағдырдың ызғарын жібітерлік жарық сәулеге қарай талмай ұмтылады. Шығарманы оқығанда әлеуметтік төңкерістер алдындағы қазақ елінің тыныс-тіршілігі көз алдымызға келеді.

Қаламгер «Айыпкер кім?» шығармасында адамның психологиялық жай- күйін керемет дәлдікпен суреттейді. Оқырман қатал тағдырдың құрбаны бола жаздаған Алуамен бірге неше түрлі сезімдер күйін кештіреді. Шығарма оқырманды кісі өлтірушінің кім екендігі, оны жаман жолға түсірген қандай әлеуметтік жағдай, бұл ненің салдары деген сұрақтарға жауап іздетеді. Қаламгер оқырманына жалпы қылмыстың жасалуына қоғам, өзің өмір сүріп отырған орта да кінәлі екенін ұғындырады.

Нұрғожа Ораздың жазушылық таланты драматургияда да айқын көрінді. Көрермен аудиториясы жазушының «Қиядағы қақтығыс», «Икс» және «Армысың, таңым» пьесалары бойынша қойылымдарды өте жылы қабылдады.

Нұрғожа Ораздың зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларының тақырыптарына назар аударсақ, оның зерттеу нысанасы қазақтың шығу тарихы, қазақ хандары, қазақ батырлары, халыққа танылған өнерпаз жандар туралы екендігін аңғарамыз. «Сарыарқа саңлақтары», «Халық ақындары», «Әнші композиторлар жайлы» зерттеу мақалалары,

«Бөгенбай батыр және Ақтабан шұбырынды шындығы», «Жүздердің және қазақтың шығуы», «Қазақ хандарының жылнамасы» еңбектері алғашында «Арқа ажары» газетіндебасылып, кейіннен жинақтарына енді.

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Ақын-жазушылар да өздері өмір сүріп отырған кезеңде болған жаңалықтарды жырлады, өзіндік үндерін қосты[4, 37]. Жетпісінші жылдары жазылған «Тың түлегі», «Қырандар ұясы» деген жыр кітаптарында тыңигерушілерге деректі поэма, дастандар арнаған ақын, тоқсаныншы жылдары публицистика арқылы игеретін проблемалық ақиқатқа айрықша ден қойды. Енді қоғамдық қатынас қайшылықтарын, империялық үстем саясатты, әлеуметтік-экономикалық әділетсіздіктерді айтуға, дәлелдеуге күн туған шақта оның азаматтық үні «Халің қалай, тың жер», «Тың тақсіреті», «Хрющевтің авантюрасы», «Табынудан кейінгі табы- ну», «Қайта құрудың оңы мен солы» публицистикалық толғауларынан ерекше естілді. Бұлардың бәрі де оның өз елінің басынан кешкен әділетсіздіктерді жарыққа шығару мақсатынан туындаған дүниелер.

Прозаик, публицист, деректі жанрлар, проблемалық очерктер шебері ретінде оның қаламынан жоғары бағаланған және кең танылған кітаптар туындады. Оның дарынының бұл қыры «Қаракүйік» романында, «Дала демі» деректі прозалық кітабында, «Таңдау»,

«Өмір өрнектері», «То, что остается с нами» әңгімелер мен хикаяттар жинағында, «Талқандалған тарихат» публицистикалық кітабында айқын көрінді. 2007 жылы Нұрғожа Ораздың таңдамалы шығармаларының 7 томдығы бірнеше баспадан жарық көріп, оның талантын құрметтейтін кең оқырман аудиториясының қазынасына айналды. Ол бірнеше әдеби сыйлықтың лауреаты болды. Нұрғожа Ораз қоғамдық жұмыстарға да белсене ара-ласты. 1998 жылдан бері ол ҚР Президенті жанындағы рақымшылық жөніндегі комис- сияның мүшесі, ҚР Парламентіндегі БАҚ туралы Заңды әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшесі, Астана әкімшілігінің ономастика және экология жөніндегі комиссиясының мүшесі болды. Ел астанасы Ақмолаға ауысқан кезде Нұрғожа Ораз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қабылдаған және қаланың символикалық кілтін табыстаған құрметті 7 ақсақалдың қатарында болды. Ол көптеген медальдармен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ұзақ жылдар бойғы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Мәдениет қайраткері» құрметті атақтары берілді.

Өзінің саналы ғұмырын әдебиет ісіне арнаған ақын, жазушы, драматург, публицист, қоғам қайраткері Нұрғожа Ораз шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Оның шығармалары өскелең ұрпақты елі үшін қызмет ететін, адал да өжет, ұлтжанды, нағыз азамат болуға тәрбиелеуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Молдағалиев Т.Арқаның ақтаңгер ақыны. / Астана ақшамы.–2002. №148, Қараша.–2 б.
- 2 Оразов Н. Тың түлегі. – Алматы: Жалын, 1984. –250 б.
- 3 Қанатты тұлпардай шабыт. /Қазақ әдебиеті.-2002. №47, 2 желтоқсан, –7 б
- 4 Formation of the language identity of a blogger S.V. OlenovThe Department of Stylisticsand Rhetorics, Kildibekova, Z.K. Kurmanova, T.M. Kravtsova, Maracaías-Venezuela Opción, Año 35,Especial No.23 (2019): 904-921ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9385<https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090>

Ғылыми жетекшісі: Төлеужанова Ж.М.